

**Тулекенова Динара Төлеубековнанын**  
**6D011900 – «Шетел тілі – екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD**  
**философия докторы дәрежесін алуға «Ақпараттық коммуникациялық**  
**технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі**  
**мұғалімдерінің кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенциясын**  
**қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

Тулекенова Динара Төлеубекқызының «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы мазмұнды және қызықты зерттеу болып табылады. Қарастырылып отырған тақырып ғылыми маңызды, өйткені 2020-2025 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың басым бағдарламаларының бірі – бастауыш мектепте шеттілдік білім беру жүйесін ерте жастан оқытатын болашақ мамандарды даярлау қажет. Сонымен қатар, бастауыш мектептегі кәсіби шетел тілі мұғалімдерін даярлауда кәсіби дағдыларды қалыптастыру бастауыш сыныптар үшін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ізденуші Д.Т. Тулекенованың диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім сонында берілген тұжырымдамадан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Д.Т. Тулекенова диссертация барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген:

1. Бастауыш мектепте шеттілдік білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері талданған;

2. Болашақ бастауыш мектеп ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенция құрылымы мен мазмұнын анықтаған;

3. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің когнитивтік-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру үлгісін құрастырып, жүзеге асырды;

4. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін әзірледі;

5. Бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивтік-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыруға ұсынылған модель тиімділігін эксперимент негізінде дәлелдеді.

Д.Т. Тулекенова өз бетімен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу бойынша жақсы қабілеттерімен көрінді. Ол ғылыми адалдығымен, еңбекқорлығымен және ынтасымен ерекшеленді.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен нәтижелері Д.Т. Тулекенованың 12 ғылыми мақалалары мен баяндамаларында баспа түрінде жарияланды: оның ішінде оның ішінде SCOPUS деректер базасына енгізілген журналда – 1, ҚР БҒСБК ұсынған басылымдарда – 4, РИНЦ-қа кіретін басылымда – 1, шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарында – 6.

Диссертация жоғары аттестаттау комиссиясының талаптарына сай, ал Д.Т. Тулекеноваға PhD философия докторы ғылыми дәрежесін дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі:  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор



Т.А. Кульгильдинова